
ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ

ӘОЖ 414.99271

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ КӨПТІК МАҒЫНАНЫ ЗАТ ЕСІМ МЕН СӨЗ ТІРКЕСІ АРҚЫЛЫ БІЛДІРУ ТУРАЛЫ NOTICE THROUGH A COMBINATION OF WORDS AND NOUN PLURAL MEANINGFUL

Р.БЕЙСЕТАЕВ*

Түйіндемe

Еңбекте қазақтың қалыптасқан сөйлеу дағдысына сай тілімізде көптік мағынаны зат есім мен зат есімдік сөз тіркесі арқылы білдіру мәселесі қарастырылды. Грамматика теориясында бұрын ескеріліп, кейін ұмытылған бұл мәселені талдауда қазақ тіліндегі, жалпы түркі тілдеріндегі табиғи құрылым, тіркес ішінде сөздердің өз-ара байланысы және ұлттың көпжасырлық ауызекі сөйлеу дағдысы негізге алынды.

Кілт сөздер: Грамматика, категория, грамматикалық ұғым, көптік форма, көптік категориясы.

Summary

This paper considers the problem of ingrained habits of Kazakh language spoken words in conjunction noun based on the centuries-old national habit of oral speech and stand-up about the problem in the theory of grammar.

Key words grammar, category, grammar concepts, the plural form and multiple categories.

Орта мектепте, жоғарғы оқу орнындарында сөйлеу барысында көптік жалғауы орынды да, орынсыз да қолданыла беретін болды. Бұл құбылыс жалпылама ережеге айналды. Ал, түркі (қазақ) тілдерінің басты ерекшелігі: «Атау тұлғадағы зат есімге көптік жалғауы жалғанбайды». «Зат есім атау тұлғада тұрып жалпылама мағына білдіреді, көптік мағына білдіреді», секілді тіл заңдылығы мүлде ескерусіз қалды. Қазіргі күні бәрімізге мәлім, ауылға келген жас бала

* биология ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Әлеуметтік даму министрлігінің «Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығы», Ой еңбегі гигиенасы және физиология лабораториясының аға ғылыми қызметкері, Караганды-Қазақстан.

Senior Researcher, candidate of Biology, "National Center of Hygiene and Occupational Diseases" Republic of Kazakhstan, Physiology and Hygiene brainwork, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: beisetayev@mail.ru

өрістен келе жатқан бір отар (табын) малды көріп: «Қойлар келе жатыр, Ата», «Сиырлар келе жатыр, Ата», «Аттар келді, Ата», – деп сөйлейтіні белгілі. Ал, жеке тұрып көптік мағына білдіретін «мал» сөзін көпшелендіріп «малдар», деп ауыл адамының өзі де сөйлейді. Ежелден жеткен «адам» сөзі "адамдар" болып, ал «қазақ» сөзі "қазақтар" болып шықты. Міне, зиялы қауым, бұл – «...Дуасыз ауыздан шыққан сылдыр сөз», – деген осы болар.

Ұлт тарихын білу, оның бастау көзі мен кезеңін танып, бүгінгі күнде жастар тәрбиесінде қолдануға ұмтылу – барлық халыққа тән дәстүрлі амал. Қазақ тілі ғайыптан пайда болған жоқ әрі жеке жаратылған тіл де емес. Оның шыққан тегі бар – түрік жұрты. Ертеде өткен бабаларымыздың «ердің құнын екі ауыз сөзбен шешіп», сөз қадірін біліп әрі оны ретімен орынды қолдана білгені тарихтан белгілі – әлем мойындаған шындық. Десек те, академик М.С. Серғалиев айтқандай: – «Қазақ тіл білімінде орыс тіліне еліктеу», – басым болып кетті» [1, 87-91].

Қазіргі түркі тілдерінде және көне дәуірге қатысты мұралар тілінде де жекелік және көптік мағына білдіру бар. Жекелік мағына сан есім арқылы, ал көптік мағына тудырудың негізгі жолы – көптік жалғауы делініп жүр. Тілімізде зат есімнің «жекелік-көптік» формасы ғылымда белгілі мәселе. Бірақ, түркі тілдерінде «сөз» атауының қай-қайсысы болса да жалпылама, жинақталған ұғымды білдіреді. Қазақ тілінде көптік жалғау жалғанбаса да, көптік мағына тудыратын табиғи тәсіл мен заңдылық жеткілікті.

Сондықтан зерттеу жұмысының мақсаты қазақ тілінің құрылымы мен табиғи қызмет атқаруына сай келетін зат есім мен зат есімдік сөз тіркесі арқылы жекелік-көптік мағына тудыру мәселесін талдау. Тілімізде бар, бірақ кеңестер одағы кезіндегі ұлттық саясатқа орай ескерілмей қалған семантикалық-синтаксистік көптік мағына білдіру тәсілі туралы ойымызды зиялы қауым назарына ұсынып отырмыз.

1. Қазақ тіліндегі «көптік категориясы» мен «көптік жалғау категориясы»

Қазақ грамматикасында көптік мағына тудыратын сөз таптары әбден зерттелді деп айту қиын. Қазіргі қазақ тіл білімінде бұл тақырып ертеден зерттелгенімен әлі де пікір-талас тоқтаған жоқ, ортақ пікір және жоқ. Көптік форма қандай жағдайда көптік мағына береді, семантикалық және грамматикалық мағынасы қандай, деген сұрақ нақты тілдік мысал арқылы ашылу керек. «Тілімізде көптік мағынаны -

лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер жалғаулары ғана береді», – деуге болмайды.

Көптік ұғым формасының бірден-бір грамматикалық көрсеткіші – көптік жалғауы болғанмен, проф. А. Айғабыловтың: «Зат есімнің -лар, -лер жалғауынсыз қолданылып, көптік мағына беретіні» [2, 111-121], проф. А.Ысқақовтың: «Сөздің көптік мағына беруіне лексикалық мағына себеп болатыны» [3, 141-142], проф. С.Исаевтың: «Қой, түйе сияқты сөздер жекеше (-лар, -лерсіз) тұрып көптік мағына беретіні» [4, 58-64], ал қазақ тілінде «қой» – жекеше, «қойлар» – көптік формада деген түсініктің қате екендігі туралы айтқандары бүгінгі күні ескерусіз қалды. Ол, ол ма, қазақтың ауызекі сөйлеу тілі таза ескерусіз қалды. Ауызекі сөйлеу тілінің қазақ әдеби тілінің табиғи ерекшеліктері мен заңдылықтарының қайнар көзі екені ұмытылды. Қазақтың әдеби тілі орыс тіл біліміне сай құрылды және оның заңдылықтарымен нормаланды.

Қазақ тіл білімінде грамматика, грамматикалық көптік мағына туралы ілім А.Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов еңбектерінен басталады [5; 6]. Олардың еңбегінде зат есімнің жекеше-көпше түрі алғаш қарастырылды. 1940 жылдан кейін қазақ тіл білімінде грамматика жағдайы күрт өзгерді – акад. М.С.Серғалиев айтқандай, орыс тіліне еліктеу басталды – сөйлемнің кез-келген мүшесіне орынды да, орынсыз да -лар, -лер жұрнақтарын жалғау басталды. Мысалы, 1954 жылғы оқулықта көптік категориясы ғана сөз болды. «Басқа түрік тілдеріндегі сыяқты, қазақ тілінде де зат есімнің көптік категориясы үш түрлі тәсіл арқылы... 1. Морфологиялық тәсіл деп түбірге я туынды түбірге көптік жалғауының -лар, -лер, -дар, -дер, -тар, -тер қосымшасының қосылуы арқылы жасалуын айтамыз... Мысалы: қала – қалалар, үй – үйлер, қыз – қыздар, із – іздер, институт – институттар, мектеп – мектептер» [7, 219]. Кейінгі оқулықтарда (1962, 1967) [8; 9] зат есімнің жекеше мен көпше түрі жеке тақырып етіп берілген, алайда оларда жекелік мағынаға көңіл бөлінбеген, тек қана көптік мағына мен оның берілу жолы көрсетілген. Мысалы, проф. А.Ысқақовтың оқулығында көптік мағына талданған. Оның пікірінше, «тілімізде көптік категориясы да, көптік жалғау категориясы да бар. Ал, осы екеуі бірдей ұғым да емес, бірдей категория да емес. Көптік категориясы деген ұғым тым жалпы ұғым да, көптік жалғау категориясы онан гөрі әлдеқайда жалқы ұғым. Мысалы, көптік категориясы тілімізде үш түрлі жолмен беріледі: лексикалық тәсіл арқылы да, морфологиялық тәсіл, синтаксистік тәсіл арқылы да айтылады» [3, 154]. Профессор

А.Ысқақов еңбегінде көптік категориясының жасалу жолдарын тілдік нақты мысалмен дәлелдеп, бірақ «көптік жалғау категориясы» ұғымның сипатын ашпады.

Бұл туралы: – «... ол термин және ұғым (көптік жалғау категориясы) көптік жалғау дегенмен барабар болу керек. Мұнда, біріншіден, категория (әрине, грамматикалық категория мәнінде) деген термин, белгілі бір тұрақты грамматикалық құбылыстың аты ретінде белгілі бір принциппен қолданылмаған. Екіншіден, «көптік жалғау категориясы» деген термин «грамматикалық формалар жүйесі арқылы берілетін тектес, ыңғайлас әрі өз ішінде бір-біріне қарама-қайшы болып келетін грамматикалық мағыналардың жиынтығы» деп анықталатын грамматикалық категория ұғымын тіпті жоққа шығарады» [4, 59], – дейді профессор С.Исаев.

Көптік категориясы деген термин: «Грамматикалық формалар жүйесі арқылы берілетін тектес, ыңғайлас әрі өз ішінде бір-біріне қарама-қарсы болып келетін грамматикалық мағыналардың жиынтығы». Белгілі бір тұрақты грамматикалық құбылыстың аты ретінде белгілі бір тәртіпті принциппен қолданылады.

Қазақ тіл білімінде ХХ ғ. 50-60 жж. І. Кеңесбаев пен Н. Сауранбаев бастаған ғалымдар, орыс тіліне еліктеудің нәтижесінде мына қорытындыға келді: – «Көптік жалғауы барлық сөз таптарына дерлік түгелдей жалғанады. Бірақ бәрінің бірдей көптік мағынасы бірдей емес, негізгі сөздің семантикасына, оның қай сөз табына жататындығына, мәтінге байланысты олардың әртүрлі мағыналық қырлары болады» [7, 220]. Йә, еліктеудің әсері емес пе, қазақша «барлық сөз табына» дудің орнына орысша нұсқада «барлық сөз таптарына» делінген.

Қазіргі түркі тілдеріндегі көптік жалғаудың айтылу сыйпаты

р/с	Қазіргі түркі тілі	ат	қоян	ай
1	2	3	4	5
1	Қазақ тілі	аттар	қояндар	айлар
2	Азербайжан тілі	атлар	довшанлар	айлар
3	Алтай тілі	аттар	қойондор	айлар
4	Башқұрт тілі	аттар	коендор	айлар
5	Қырғыз тілі	аттар	қояндар	айдвар
6	Қумық тілі	атлар	қоянлар	айлар

Бейсетаев Р. Қазақ тілінде көптік мағынаны зат есім мен...

1	2	3	4	5
7	Татар тілі	атлар	коендар	айлар
8	Тува тілі	ачттар	қоаннар	айлар
9	Түрік тілі	атлар	таушанлар	айлар
10	Өзбек тілі	отлар	куенлар	айлар
11	Хакас тілі	аттар	хозаннар	айлар
12	Чуваш тілі	утсем	куянсем	айсем
13	Шор тілі	аттар	қозаннар	айлар
14	Якут (Саха) тілі	аттар	кусбахтар	айлар

Нағыз еліктеу осы емес пе, қазақ секілді аталған түркі жұрты атау тұлғада зат есімге көптік жалғау қоспай, көптік мағына білдіріп сөйлейді. Біз бұны кеңес одағы кезіндегі ұлттық саясаттың ықпалы деуіміз керек.

2. Қазақ тілінде көптік мағына білдіру жолдары

Көптік мағына қазақ тілінде төрт түрлі тәсілмен жасалады:

1) лексикалық тәсіл – зат есімді жеке сөз атау тұлғада тұрып көптік (жалпылама) ұғымды тікелей өз лексикалық мағынасы арқылы білдіреді. Мысалы: ата, ана, бала, жылқы, қымыз, қой, ешкі, сүт, құрт, ірімшік, жүн, алаш, алтай, қазақ, қалмақ, қарақалпақ, татар, ноғай;

2) морфологиялық тәсіл – көптік ұғым атау тұлғада тұрмаған зат есімге немесе басқа таптағы жеке сөзге тиісті қосымша қосу арқылы жасалады. Оған төмендегі көптік жалғау қосымшалары жатады: -лар,-лер, (-дар,-дер, -тар,-тер). Олар түбір сөзге (сөзформаға) жалғанып, көптік мағына тудырады: бала-ларымызды, кітап-тарын, біз-дер, сіз-дер, т.б.

3) синтаксистік тәсіл – көптік мағынаның сөйлем ішінде сөз тіркесі арқылы берілу жолы синтаксистік тәсіл деп аталады. Түркі тілдерінде, соның ішінде қазақ тілінде көптік мағынаның сөз тіркесі арқылы берілуі дербес категория болып есептеледі. Мысалы: алты алаш, бес жылқы, алты адам, он екі ай, он шақты қара, мол дүние, қыруар мал, т.б.

4) контекстік тәсіл – көптік мағынаны мәтін құрылымы арқылы білдіру. Қазақтың дәстүрлі ауызекі сөйлеу тілінде көптік мағынаны мәтін арқылы білдіру келісті қалыптасқан. Мысалы: Апаларың бар ма? Үйлерің кең екен. Бұл сөйлемдер апаның, үйдің көптігін білдіріп

тұрған жоқ, керісінше апаның баласының көптігін, үйдегі баланың көптігін білдіреді. Немесе, «Біреуің әкелеріңді шақыр, тамағын ішсін» деген сөйлем ортақ әкенің баласының көптігін білдіріп тұр.

3. Қазақ тілінде зат есімнің жекелік-көптік категориясы

Көптік мағына заттың санымен байланысты, бірақ заттың санын дәл көрсетпейді, тек саны көп екенін білдіреді. Ал заттың санын көрсету үшін сан есім қолданылады. Мысалы, "он адам", "отыз жылқы" деген тіркесте адамның да, жылқының да саны белгілі, ал "адам баласы", "жылқы малы" дегенде тек заттың көптігі беріледі, бірақ нақты саны белгісіз.

2002 жылы шыққан қазақ грамматикасында: – «Зат есімдерді жекеше, көпше деп аталатын екі топқа айыра көрсетуге негіз болатын ең басты грамматикалық сыртқы белгі – оларға көптік жалғауының жалғануы. Көптік жалғауын жалғау сөзге көптік мағына берудің негізгі жолы болғанымен, бірден-бір ғана жолы емес. Ана тілімізде зат есімде көптік мағына пайда болуының бұдан басқа да амал-тәсілдері бар» [10, 454], – деп көрсетілгенімен, тек көптік мағынаның қосымшасы – көптік жалғауының ерекшеліктері мен қызметі сөз болған.

Тілімізде заттың санын дәл атауды қажет етпейтін, бірақ көптік ұғым берілетін жағдай көп кездеседі. Мысалы: адам, қымыз, арқар, бидай т.б. Бұл сөздер ешбір қосымшасыз-ақ заттың атауы ретінде көптік ұғымды білдіріп тұр. Тілімізде "көп адам", "қыруар мал" тіркестерінде зат есімнің алдында келіп, қосымшасыз анықтауыш болып тұрған "көп", "қыруар" сөздері көптік ұғым тудырып тұр. Ал, бүгінгі күнгі қолданылып жүрген "адамдар", "қазақтар", "малдар" сөздері ешқандай мағына білдірмейді.

Ғылымда тіліміздің осы ерекшелігін көрсететін арнайы категория бар. Ол – жекелік-көптік категориясы. Бұл категория тек зат есімге қатысты, өйткені жекелік-көптік ұғым адамзатқа, затқа қатысты ғана айтылады. Зат есімнің жекелік-көптік мағынасы ғылымда танылған [1-4; 11-13]. Көптік ұғым бар жерде жекелік ұғым да болатындығы даусыз. «Жекелік мағына зат есімнің лексикалық мағынасымен бірге түбір сөзде беріледі, бірақ оның қосымшасы жоқ. Осы бір-біріне қарама-қайшы екі ұғымның жиынтығы арқылы және жекеліктің арнайы тұлғасы болмай, көптік ұғым көптік жалғау арқылы берілуінен көптік категориясының сипаты ашылады», – делініп келді. Осыған орай С.Исаев: – «Көптік мағына грамматикалық тұрғыдан жекелік мағынаға қарама-қайшы мағына ретінде заттың сандық ұғымының

шеңберінде өмір сүреді. Сондықтан бұл категория көптеген тілдерде қазақ тіліндегідей көптік категориясы деп емес, сан категориясы (мысалы, орыс тілінде категория числа, қазіргі қырғыз тілінде сан категориясы) деп аталынады [4, 55]», – дей келіп, көптік категориясын осы еңбегінде «Сан-мөлшер (көптік) категориясы» деп атаған.

М. Томанов пен Н. Жүнісов: – «Арнаулы морфологиялық тәсіл арқылы берілетін сандық ұғым – көптік. Көптік ұғым чуваш тілінен басқа түркі тілдерінде -лар аффиксі арқылы беріледі. Қазіргі түркі тілдерінде, сондай-ақ көне жазбалар тілінде (көне тілдерде) бірлікті білдіретін қосымша жоқ, болған да емес [14, 36-43], – деп тұжырым жасайды.

Бүгінгі күні зат есімнің жекеше-көпше түрі Монголиядағы қаймағы бұзылмаған Абақ керейдің тілінде таза сақталған. Сондай-ақ, дербес мемлекет болып келе жатқан Түркия халқының тілінде де таза сақталған. Түрік тілінде зат есім атау тұлғада тұрып жалпылама ұғым, көптік ұғым білдіреді. Жекеше түрі сан есімді сөз тіркесі арқылы жасалады, мысалы:

bir masa – стөл, бір стөл, белгісіз стөл

(**bir masa – бір стөл, екеу емес, үшеу емес**);

bir adam – адам, бір адам, белгісіз адам;

bir elma – алма, бір алма, белгісіз алма.

Көптік ұғымның ғылымда танылып жүрген берілу жолдары мынадай:

а) Көптік ұғымды сөздің (санауға, жекелеп есептеуге келмейтін зат атауы) тікелей өз лексикалық мағынасы арқылы білдіру лексикалық тәсіл. Лексикалық тәсілмен көптік ұғым білдіретін сөз тобы бірнешеу:

– жеке-даралап санауға келмейтін заттардың аттары (су, сүт, ұн т.б.);

– ру, халық, ұлт, ел аттары (қазақ, қырғыз, өзбек т.б.);

– әр қилы жәндіктер, аң, хайуанат атаулары (көбелек, түлкі т.б.);

– өсімдік аттары (арпа, сұлы, жусан т.б.);

– адамның ішкі құбылысының, дүниедегі сын-сипаттың, іс-әрекеттің, күй-жайдың атауы (ермек, қуаныш, ізгілік т.б.).

Тілімізде зат есімнің көпшілігі, оның ішінде адамзатқа қатыстысы, атау тұлғада тұрып бір заттың немесе заттық ұғымның нақтылы атын белгілеп, оларға байланысты жалпылама, көптік

грамматикалық мағына береді. Сондықтан қазақ тілінде көптеген зат есімнен, оларды ешбір жалғаусыз-ақ тіркестіре отырып, жаңа сандық грамматикалық мағына жасап алуға болады. Бұл орайда жалғаусыз тіркесу қолданылады.

4. Қазақ тілінде көптік мағынаны сөз тіркесі арқылы білдіру туралы

Көптік мағынаның сөз тіркесі арқылы берілу жолы синтаксистік тәсіл деп аталады. Мысалы: алты алаш, қырық ру, он адам, жиырма жауынгер, мол дәулет, таусылмас ырыс, бармақтай бақ, т.б. Ал, мұны проф. С.Исаев «сан есімдер, сандық мәні бар сөздер, қайталама қос сөздер зат атауының алдынан келіп, оны анықтап тұрса, ол зат біреу емес, бірнешеу (көп) екенін түсінеміз [4, 66]», – деп, тілімізде көптік мағынаның осылай берілуін аналитикалық тәсіл деп атайды. Бұл орайда біраз мысал келтірейік.

Қазақ тілінде көптік мағынаны сөз тіркесі арқылы білдіру

Бүгінгі сөз тіркесі	Дұрыс сөз тіркесі
Бес сиырларымыз бар	Бес сиырымыз бар
Бес бұзаулы сиырларымыз бар	Бес бұзаулы сиырымыз бар
Екі үйір жылқыларымыз бар	Екі үйір жылқымыз бар
Үйге төрт кісілер келді	Үйге төрт кісі келді
Жанында алты адамдары бар	Жанында алты адамы бар
Бес әншілері бар топ	Бес әншісі бар топ
Біреулерің әкелеріңді шақырыңдар	Біреуің әкелеріңді шақыр
Жүз мың хабарландырулар	Жүз мың хабарландыру
Ақпараттар мен хабарландырулар	Ақпарат пен хабарландыру

Қазақ тілінде көптік мағынаны сөз тіркесі арқылы білдіру

Бүгінгі сөз тіркесі	Дұрыс сөз тіркесі
Барлық тақырыптар	Барлық тақырып
Барлық малдарымыз	Барлық малымыз
Жолаушылар тасымалы АҚ	Жолаушы тасымалы АҚ
Бос орындар бар	Бос орын бар
Есіктер ашылады	Есік ашылады
Банктер көп	Банк көп
Алматыда алмалар көп	Алматыда алма көп
Автокөліктер жүргізушілері	Автокөлік жүргізушілері
Барлық үлгілерге 30% жеңілдіктер	Барлық үлгіге 30% жеңілдік

Көптік мағынаны сөз тіркесі арқылы берудің бірінші жолы.

Бұл тәсілде көптік мағына бір заттың санын көрсетіп, зат есімнің алдынан белгілі бір сан есім келтіру арқылы беріледі. Осылай, сан есім мен зат есімнің тіркесі жасалғанда, зат есімге көптік жалғауы жалғанбай жазылады және жалғанбай айтылады. Мысалы: алты алаш, алты адам, он бала, т.б.

Тілімізде зат есімнің сан есіммен жалғаусыз тіркесуі – көптік мағына тудырудың белгілі амалының бірі. Бүгінгі күні қазақ тілінің өрескел шұбарлануы, міне осы сөз тіркесін дұрыс құрмауымыздың арқасы екені белгілі, бірақ мойындамаймыз.

Көптік мағынаны сөз тіркесі арқылы берудің екінші жолы.

Қазақ тілінде мөлшерлік ұғымды білдіретін бірталай сөз бар: көп, аз, мол, біраз, бірталай, біршама, бірнеше. Бұлар ешбір морфемасыз көптік ұғымды білдіреді, сондай-ақ ата-ана, бала-шаға, ән-күй, ақын-жырау, т.б. Бұлар көптік ұғымнан гөрі жинақтық мағына білдіреді. Дегенмен осы сияқты сөзді көптік формадан туған грамматикалық мағына емес, ол сол сөздердің ішкі лексикалық мағынасы болады. Қазақ тілінде грамматикалық көптік мағына грамматикалық көптік форма арқылы беріледі [15-20]. Бұл келтірілген еңбектерде қазақ тілінде зат есім мен сын есімнен сөз тіркесін жасаудың грамматикалық қыр-сыры жан-жақты қарастырылған.

А.Ысқақов тілімізде сөздердің қосарлануы арқылы да (бала-шаға, кәрі-жас т.б.) көптік ұғым білдіріледі деп, оны лексика-синтаксистік тәсіл деген [3, бет. 41]. Тілде қос сөздің жасалуы сөз тіркесін құрудың бір тәсілі. Қос сөзді зат есімдердің көптік мағынада жұмсалудың екі жолы бар:

1) мағыналары бір-біріне жуық келетін екі зат есімнің қосарлануы арқылы жасалатын қос сөз (құрал-сайман, ағайын-туыс, тамыр-таныс);

2) мөлшер мәндегі зат есімнің екі рет қайталануы арқылы жасалатын қос сөз (қора-қора, үйір-үйір, сала-сала).

Қазақ тілінің табиғи жаратылысы және жекелік-көптік мағына. Қазақ тілінде «адам» – жекеше, «адамдар» – көптік формада деген қате түсінік екендігі ұлттық ауызекі сөйлеу тілімізде жақсы сақталған [17-20]. Ал, ауызекі сөйлеу тілінің қазақ әдеби тілінің табиғи ерекшеліктері мен заңдылықтарының қайнар көзі екені ұмытпауымыз керек. Қазақтың әдеби тілі ауызекі сөйлеу тілімізде бар табиғи ерекшеліктерге сай құрылып, оның заңдылықтарымен нормалануы

тиіс. Сонда ғана тілімізде жекелік-көптік категориясы шынайы тілдік категория болып қабылданады.

Еліктеудің әсері ғой, қазақша «ас алыңыздар», «шай ішіңіздер» деудің орнына, қазақтың ауызекі сөйлеу тілін ысырып тастап, орысша нұсқада «астарыңды алыңдар», «шайларыңды ішіндер» делінеді. Біз үлгі етіп жүрген орыс тілінің бір ерекшелігі: орыс тілінде кез келген сөйлем бір немесе бірнеше сөздің қиюласып, байланысқан ретті тізбегінен жасалады, ал қазақ тілінде кез келген сөйлем бір немесе бірнеше сөз тіркесінің қиюласып, байланысқан ретті тізбегінен жасалады. Бұл – біздің тілдің табиғи жаратылысы. Бұл салада проф. Ж.Жақыпов тындырымды еңбек етіп, жақсы нәтиже алып еді [21], оны елеп жүрген ешкім жоқ.

Қазақ тіл білімінде лексикалық мағына, грамматикалық мағына және грамматикалық категория туралы сөз болғанда: – «Сөйлем құрамында тұрған әрбір сөз бір нақты лексикалық мағынада жұмсалады және бірнеше грамматикалық мағынаны білдіре алады. Грамматикалық мағыналар тұтас бір сөздер тобына тән болып келеді әрі нақты лексикалық мағынаға қарағанда абстрактілік мағынаны білдіреді» [12, 42], – делінген. Егер соңғы сөйлемді – «Грамматикалық мағына тұтас бір сөз тобына тән болып келеді әрі нақты лексикалық мағынаға қарағанда абстрактілік мағынаны білдіреді» қылып, мағынасыз -лар,-лер-ден ажыратсақ, шын мәнінде орыс тіліне еліктеуден арыламыз. Біз сонда ғана қазақ сөйлемі сөз тіркестерінің мағыналы әрі ретті тізбегінен жасалатынын, сөз тіркесінің біртекті тембрлі дыбысталуында гармония құбылысы, құрмалас сөйлемнің әртекті тембрлі дыбысталуында сингармония құбылысы пайда болатынын ұғар едік.

Қазақ өзінің табиғи қалыптасқан менталитетіне сай, жалпылама ұғым білдіріп, сый-құрмет білдіріп сөйлейтін халық. Ал, тіліміздегі "Сіз"- "Біз" көптік мағынаның емес, екі кісі сөйлескендегі өзара сыйластықтың белгісі. Өзара сыйластықтың бір белгісі, "Мен" деп сөйлемейтін елміз. Көптік мағына "Сіздер"- "Біздер" үлгіде беріледі. Сыйластықтың тағы бір белгісі, көптік мағынада сөйлейтін елміз. Сөйлеуде, сөйлемде грамматикалық мағына "сөз тіркесі" арқылы беріледі. Мысалы: "Алты алаш" тіркесі алаштың алтау екенін, олар – алтай, қазақ, қалмақ, қарақалпақ, татар, ноғай жалпы түріктің ішінде етене туыс, тағдыры бір халық екенін білдіреді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қазақ тілінде тілдік ерекшелігімізді көрсететін арнайы категория бар. Ол – жекелік-көптік категориясы. Көптік ұғым бар жерде жекелік ұғымның да болуы – шарт. Бұл тілдік категория, негізінен тек зат есімге қатысты, өйткені жекелік-көптік ұғым адамзатқа, затқа, тұрақты заттық не рухани құбылыстарға қатысты ғана айтылады.

Көптік мағына зат есімнің лексикалық мағынасымен бірге түбір сөз арқылы беріледі, оның қосымшасы жоқ. Қазақ тілінде көптік жалғауы атау тұлғадағы зат есімге жалғанбайды. Жекелік мағына лексикалық мағынасы бар зат есімнің түбір сөзінің алдынан "бір" санын қосу арқылы беріледі.

Бір-біріне қарама-қарсы бұл екі ұғымның жиынтығы арқылы және көптік ұғымның арнайы қосымшасы жоқ зат есім арқылы берілуінен, ал жекелік ұғымның түбір зат есімнің алдынан "бір" санын қосу арқылы жасалуынан жекелік-көптік категориясының сыйпаты ашылады.

Қазақ тілінің табиғи жаратылысына сай, грамматикалық тұрғыдан жекелік мағына көптікке қарама-қарсы мағына ретінде заттың сандық ұғымының аясында пайда болады. Сондықтан бұл категория тілімізде бұрын қабылданғандай «**көптік категориясы**» түрінде емес, жалпылама «**жекелік-көптік категориясы**» деп аталуы тиіс.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Серғалиев М.С., Айғабылов А., Құлкенова О. *Қазіргі қазақ әдеби тілі*. – Алматы: Ана тілі, – 1991. – 214 б.
2. Айғабылұлы А. *Қазақ тілінің морфологиясы мен лексикологиясы*. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2006. – 272 бет
3. Ысқақов А. *Қазіргі қазақ тілі. Морфология*. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
4. Исаев С.М. *Қазіргі қазақ тіліндегі негізгі грамматикалық ұғымдар*. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 143 б.
5. Байтұрсынов А. *Тіл тағылымы*. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
6. Жұбанов Қ. *Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер*. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
7. *Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика, грамматика*. – Алматы: Ғылым, 1954. – 564 б.
8. Кеңесбаев І., Мұсабаев Р. *Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика*. – Алматы: ОПБ, 1962. – 315 с.
9. *Қазақ тілінің грамматикасы. II том. Синтаксис*. – Алматы: Ғылым, 1967. – 18-б.

10. *Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис.* /Жауапты ред. Е. Жанпейісов. – Астана, 2002. – 784 б.
11. Қалыбаева А.Қ., Оралбаева Н. *Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі.* – Алматы: Ғылым, 1986. – 181 б.
12. Момынова Б., Сәткенова Ж. *Қазақ тілі морфологиясы. Есімдер.* – Алматы: Арыс, 2007. – 120 б.
13. Бейсенбаева К.А. *Қазіргі қазақ тіліндегі зат есімдердің жалғаусыз тіркестерінің кейбір түрлері.* – Алматы: 1974. – 63 б.
14. Томанов М., Жүнісов Н. *Түркі тілдерінің салыстырмалы морфологиясы.* – Алматы: Кітап, 1984. – 84 б.
15. Балақаев М. *Қазіргі қазақ тілі: Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі.* – Алматы: Ана тілі, 1992. – 248 б.
16. Сайрамбаев Т. *Сөз тіркесі мен жай сөйлем синтаксисі.* – Алматы: Рауан, 1991. – 200 бет.
17. Қалиев Б. *Ауызекі сөйлеу тілінің ерекшеліктері* /Жинақ: Сөз өнері. – Алматы: 1985. – бб. 25-42.
18. Әміров Р.С. *Ауызекі сөйлеу тілінің синтаксистік ерекшеліктері.* – Алматы: Мектеп, 1977. – 92 б.
19. Исаев С. *Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты.* – Алматы: Рауан, 1998. – 304 б.
20. Құрманова Н.Ж. *Қазіргі қазақ тіліндегі сөз тіркесінің жүйелік-құрылымдық сипаты.* – Алматы: Қазбілімжабдық Басп. 2001. – 70 бет.
21. Жақыпов Ж.А. *Қазақ тілінің функционалдық синтаксисі: контекст проблемасы.* Филол. ғыл док-ры дис. – Алматы: 1999. – 225 б.